

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті туралы ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1780. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті туралы ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 маусымдағы N 1006 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 28, 253-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1780 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы: сақтандыру саласында мемлекеттік стратегияны әзірлеу және іске асыру, сақтандыру ұйымдарының қызметін мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Сақтандыруды қадағалау департаменті (бұдан әрі - Департамент) сақтандыру қызметін қадағалауды, сақтандыру туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыратын сақтандыру субъектілерінің сақтандыру қатынастарынан туындайтын заңды

құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік орган
б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге а с ы р а д ы .

3. Департаменттің аппаратын ұстау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық аппаратының жалпы сметасының есебінен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

4. Департаменттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі б е к і т е д і .

5. Департамент заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі болады.

II. Басымдықтары

6. Департамент өз қызметінде мынадай басымдықтарды басшылыққа алады: қоғам мен мемлекет өміріндегі сақтандырудың ролі мен маңызын ұдайы а р т т ы р у ;

Қазақстан Республикасын дамытудың басым бағыттарын жүзеге асыруда сақтандыру институтын толыққанды пайдалану;

сақтандыру қызметтерінің толыққанды бәсекеге қабілетті қазақстандық рыногын қалыптастыруға жағдай тудыратын сақтандыру қызметін реттейтін б а р а - б а р ж ү й е л е р құ р у ;

сақтандырушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған шаралардың кешенін әзірлеу.

III. Негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

7. Департаменттің негізгі міндеттері: сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды ж ү з е г е а с ы р у ;

белгіленген құқықтық тәртіп бойынша сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік саясатты әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

сақтандыру мәселелері жөніндегі халықаралық шарттар мен келісімдерді дайындауға және жүзеге асыруға қатысу, сондай-ақ Қазақстан сақтандыру ұйымдарының басқа елдердің сақтандыру компанияларымен халықаралық ынтымақтастықты дамытуына жәрдемдесу болып табылады.

8. Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес: белгіленген тәртіппен сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиялар б е р у д і ;

сақтандырушыларды есепке алуды, олардың бірлестіктері мен сақтандырушы

делдалдарының тізілімін жүргізуді;

сақтандыру тарифтерінің негізділігіне бақылау жасауды және сақтандырушылардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз етуді;

сақтандырушылардың өз қаражаттары мен олар қабылдаған сақтандыру міндеттемелері арасындағы қатынастардың нормативтерін сақтауды әзірлеуді және бақылауды;

заңды және жеке тұлғалардың міндетті сақтандыру туралы заңдардың талаптарын орындауына бақылау жасауды;

сақтандырушылардың жасайтын сақтандыру шарттары мазмұнының заңдардың талаптарына сәйкес келуін бақылауды;

сақтандыру қызметінің практикасын қорытындылауды, республикада сақтандыру рыногын дамыту туралы заңдарды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіп бойынша әзірлеуді және ұсынуды;

сақтандыру мәселелері жөніндегі нұсқаулықтарды, әдістемелік нұсқауларды, ұсынымдарды, анықтамалық және өзге де материалдарды басып шығаруды;

сақтандыру саласында мамандарды кәсіби даярлау және қайта даярлау жөніндегі шараларды жүргізуді;

халықаралық шарттарды әзірлеуді және оларға белгіленген тәртіппен қол қоюды;

басқа елдердің қадағалау органдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарының басқа елдердің сақтандыру компанияларымен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

9. Департамент өзіне жүктелген өкілеттіктер мен функцияларды өз құзыретінің шегінде жүзеге асыру үшін:

Департамент Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Статистика және талдау жөніндегі комитеті белгіленген сақтандыру қызметі туралы сақтандырушылардан белгіленген есептемелерді сұрауға және алуға, жылдық баланстарды, пайдалар мен залалдарды жариялаудың мерзімін белгілеуге;

сақтандырушылардың сақтандыру туралы заңдарды сақтауына тексерулер жүргізуге;

шетелдіктер қатысатын кәсіпорындарды қоса алғанда, сақтанушылардың міндетті сақтандыру туралы заңдарды сақтауына тексеру жүргізуге;

сақтандырушы лицензияны тоқтата тұру үшін негіз болып табылатын міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда лицензияны қайтып алу туралы талап-арызбен сотқа өтініш жасауға;

өз құзыретінің шегінде шетелдіктер қатысатын ұйымдарды қоса алғанда, сақтандырушыларға, заңды тұлғалардың басшыларына сақтандыру не оның бұзылуын жою туралы заңдардың талаптарын сақтаудың қажеттігі туралы

атқарылуы міндетті ұйғарымдамалар беруге;

белгіленген тәртіппен сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиялардың күшін тоқтата тұруға;

өз құзыретінің шегінде сақтандыру ұйымдары үшін кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған ұйымдарды қоса алғанда, оқу орындарының барлық үлгілерінде сақтандыру жөніндегі оқу бағдарламаларын сараптауға қатысуға;

уақытша кеңестер мен комиссиялар құруға, сақтандыру нарығын реттеу мәселелерін талқылауға сарапшыларды тартуға құқығы бар.

IV. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

10. Департаментті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Директор басқарады.

11. Департаменттің директоры:

Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оны басқарады;

Департаментке жүктелген өкілеттіктердің орындалуы үшін дербес жауап береді, өз орынбасарының және тапсырылған жұмыс учаскелері үшін құрылымдық бөлімшелер басшыларының жауапкершілік дәрежесін белгілейді;

Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын нормативтік құжаттарды бекітеді;

өзінің құзыреті шегінде бұйрықтар беріп, нұсқаулықтар шығарады, барлық сақтандырушылар үшін орындалуы міндетті болып табылатын нұсқаулық береді және олардың орындалуын тексеруді ұйымдастырады;

бұған қосымша өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша ш е ш і м д е р қ а б ы л д а й д ы .

12. Департаменттің директоры сенімхатсыз Департаменттің атынан іс-қимыл жасайды, оның мүдделерін білдіреді, шарттар (келісімдер) жасайды және өзінің өкілеттіктері шегінде өзге де іс-қимыл жасайды.

13. Департамент директорының қызметке Департамент директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бір орынбасары болады.

Департамент директорының орынбасары Департаменттің директоры жоқ уақытта оның орнында болады, Департаменттің қызметін үйлестіреді және Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

14. Департаменттің лауазымды тұлғалары жеке басының пайдасы үшін сақтандырушылардың коммерциялық құпиясын құрайтын қандай да бір түрде мәліметтерді пайдалануына және жария етуге құқығы жоқ.

15. Департаментті тарату және қайта ұйымдастыру қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ